"Артық ғылым кітапта, Ерінбей оқып коруге" деген Абайдың қанатты сөзіндегі негізгі ойды қазіргі замандағы кітап оқуға деген сұраныспен байланыстырып жазу.

Абай Құнанбаевтың "Артық ғылым кітапта, Ерінбей оқып коруге" деген қанатты сөзі өте керемет айтылған. Бұл қанатты сөздің астында терең мағына жатыр. Абай атамыздың өзі аманаттағандай рухани азықтың бастау бұлағы болып табылатын кітаптың адам өміріндегі алар орны болек. Рухани жаңғыру үшін, өзгеру үшін, алға ұмтылу үшін білім керек. Ал білімнің көзі-кітап. Қазіргі заманда білімнің көзі кітапта екенін түсінетін адам жоқ. Тіпті кітап оқуға қызығушылығы, сұранысы көп адамды кездестіру өте қиын. Ақпараттық технологияның қарқын алған заманында бар мәлімет ғаламторда екенін білеміз. Алайда бар байлық, білімнің қайнар көзі-кітапта екенін жастарға түсіндіру қиынға соғады. Кітаптың орнын ғаламтор ешқашан баса алмайды. Кітап оқудан тиылсақ, ой ойлаудан тиылар едік. Бүгінгі қоғамда жастардың кітап оқуға деген сұранысы біртіндеп азайып барады. Кітап оқу түгілі, кітаптың бетін ашпайтындар жетерлік. Бұл мүлдем дұрыс емес. Себебі: кітап оқымасақ, білімімізді арттырмасақ өзімізді дамытпасақ надан боламыз. Ертеңгі ұрпақтың тағдыры-жастардың қолында. Егер жастарымыз сауатсыз, надан болса болашақ ұрпақ бізден қалай үлгі алады? Жастардың кітап оқуға деген сұранысының жоқтығына бірнеше себептер бар. Біріншіден жастардың ғаламторға байлануы себеп бола алады. Себебі: қазіргі заманның адамдары кітап оқуға ерініп телефоннан көз ашпайды. Кейбір кітапханаға барсақ кітаптың сөрелері шаң басып тұрады. Бұған себеп адамдардың телефонға жіпсіз байланып, күні-түні тұрмі смартфондарды қарауында болады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ